

Бумын қаған және Істімі қаған

Заманында жарты әлемді жалпағынан басып, дүниені дүр сілкіндірген әйгілі Түрік қағанатының іргесін қалап, шаңырағын көтеріскен, атағын шығарып, айбынын асырған алғашқы екі қағаны: Бумын мен Істімі¹ жөнінде бұл күнде жалпы жұртшылықты былай қойғанда, тарихтан хабардар жандардың өздері жарытып ештеме біле бермейді.

¹Бұл есімді қазіргі тарихшылар *Естеми, Истеми, Істеми* деген тәрізді етіп әр түрлі қолданады. Біз оның байырғы түрк жазуында берілген есімін «Істімі» деп оқыдық. Оған сәл кейін тоқталамыз.

Осы екі қағаннан кейін екі ғасырдай уақыт өткенде қағанат билігін қолға алған осылардың тікелей ұрпағы – Білге қағанның солар жөнінде тасқа қашап жаздырған: «Төрт бұрыштағы халықтарды көп алған, бейбіт еткен, бастыны еңкейткен, тізеліні бүктірген, ілгеріде (шығыста) Қадырқан (Хинган) қойнауына дейін, керіде (батыста) Темір қақпаға дейін жайлаған, (осы) екі аралықта жүрген иесіз көк түріктерді осылай қоныстандырған білге (дана) қағандар, алып қағандар болған екен» (М. Жолдасбеков. Асыл арналар. – Алматы, 1986. – 46-б.) деген дерегіне қарап, әйтеуір олардың қатардағы көп билеушілердің бірі болмағандығы, «иесіз көк түріктерге» ие болып, «Мәңгі ел» атанған далалық алып мемлекет құрғандығы байқалады. Алайда, сонымен бірге, бұл сөздердің тек Бумын қаған мен Істімі қаған екеуіне ғана арналмағаны, Білге қағанның алдындағы Бірінші және Екінші Шығыс Түрік қағанаттарының бүкіл атақты қағандарының бәріне ортақ анықтама екені де ешқандай дау туырмайды. Өйткені, Білге қаған бұлай дегенде, басқаларды былай қойғанда, түріктердің алғашқы екі қағанымен бірге солардың бастаған ісін ілгері дамыта жалғап, еліне ел, жеріне жер қосқан Мұхан (Мухән) қағанды да, Тобо қағанды да айтып отырғаны анық. Олардың Білге қаған берген анықтамаға лайық қағандар болғаны да шындық. Оған тарих куә. Сондықтан бұдан Бумын мен Істімі қағандардың тарихи тұлғаларын даралап, олардың өмір жолын, атқарған қызметтерін, ел басқарудағы біліктілік қарым-қабілеттерін, ішкі-сыртқы саясат жүргізудегі ұстанған бағыттарын ашып көрсететін дерек табу қиын. Адамзат тарихында өзіндік із қалдырған далалық империяның шаңырағын көтерген екі бірдей айтулы тарихи тұлғаның өмір жолы күні бүгінге дейін арнайы зерттеу нысанына айналмай, зерттеушілер назарынан тыс қалып келе жатқанының сыры да осында болса керек.

Шындығына келгенде, заманында қанша жерден танымал болғанымен, кейін тарих жадынан өшіріліп, басқаны былай қойғанда, араға ғасырлар салып барып келген өздерінің төл ұрпақтары үшін де жұмбақ жанға айналып

қалғандар тек бір бұлар ғана емес. Бұл – көне дәуірдегі көшпелілердің тарихқа танылған ірі тұлғаларының бәріне бірдей ортақ жағдай.

Салыстырмалық тұрғыда алсақ, мысалы, Батыста бұларға дейінгі және кейінгі осылардың деңгейінде алып империя құрған елбасыларының ішінде дәл осылардай аты мәлім болғанымен, заты белгісіз болып қалған ешкім жоқ. Олардың әрқайсысы жөнінде бір емес, бірнеше әдеби, ғылыми еңбектер жазылған. Сондықтан да бұл арада осындай олқылықтың орнын толтырып, тарихи әділетсіздікті түзеп тастамағанмен, тарихтан хабардар қауымның назарын осы жайға әдейі аударып, алда жүргізілер зерттеулердің жаңа бағыт алуына түрткілік септігі тие ме деген мақсатпен, кезінде Ұлы Далада өздерімен таразы басын теңестіреп теңдесі жоқ «Мәңгі ел» деп аталған ұлы қағанат құрған, түрік елінің атақты екі перзенті: Бумын мен Істімі жайында арнайы сөз етіп, бар деректер төңірегінде ой бөлісуді – уақыт талабы тудырған қажеттілік деп білдім.

Аталмыш екі тұлғаға қатысты «бар деректер» дегенде, бұл орайда, ауыз толтырып айтарымыз қытай тарихнамаларының ішіндегі «Жыу кітабының» мәліметтері ғана. Оның өзі, салыстырмалы тұрғыда алғанда, тым жұтаң. Мысалы, одан білетініміз, жоғарыда айтылғандай, түріктердің алғаш тарихқа танылған кездегі билеушісінің Бумын (Тумын) деген кісі екені; оның 546 жылы Батыс Вей патшалығына (империясына) елшісін жіберіп, осы жылы жыужандарға қарсы азаттық көтерілісіне шыққан өздерімен тағдырлас, туыстас телы (теле) тайпаларына тосыннан тиісіп, олардың 50 мың түтіндік елін бағындырғаны; содан кейін жыужандармен байланысын күрт үзіп, Батыс Вей патшалығымен арадағы қарым-қатынасын заңдастырып, да-тун билігінің он жетінші жылы (551 ж.) «патша қызы» Шаңлы ханшаға үйленгені; фи-ди билігінің бірінші жылы (552 ж.) өздеріне бір ғасырдан астам үстемдік жүргізіп келген жыужандарға қарсы соғысып, олардың мемлекетін құлатқаны; осы жылы ресми түрде Бумынның «Ел қағаны», әйелінің «Білге қатын» аталғаны; келесі жылы қайтыс болғаны ғана (Түріктер. Жыужандар. – А., 1999. – 32-32-б.). «Жыу кітабындағы» Бумын қаған жөніндегі бар дерек, міне, осылар ғана.

Ал Істімі қаған жөнінде, тіпті мұндай дерек те жоқ. Бары – «Жаңа Таң кітабындағы » («Сиңтаңшудағы»): «Батыс Түріктің арғы тегі Надулудың немересі Туву, (оның баласының) үлкені Тумын, кішісі Шідиэнми» (Аталған еңбек. – 89-б.) деген жалғыз сөйлем. Бұған қарап, әрине, Істімінің кім болғанын, кезінде не істеп, не тындырғанын танып, білу мүмкін емес. Осыдан кейін кейбір зерттеушілер оның Бумыннан соң қаған болған, болмағанына күдік келтірсе, енді біреулері, тіпті, Істімінің Бумынның екінші аты дегенді айтуға дейін барды.

Алайда, жоғарыда сөз болған, Күлтегін ескерткішіндегі Білге қаған атынан баяндалатын: «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде қара Жер жаратылғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-тегім Бумын қаған, Істемі (Істімі) қаған отырған» (Асыл арналар. – 46-б.) деген түріктердің өзінің қолымен тасқа қашап жазылған нақты дерек Істімінің де Түрік мемлекетінің қағаны болғанына куәлік беріп, әлгі зерттеушілердің күдігін кері ысырады (Осыған байланысты ресми тарих ғылымында айтылып жүрген Істімі жөніндегі жаңсақтықтарға сәл кейінірек арнайы тоқталамыз).

Міне, айтулы екі тұлғаның тарихи болмысын өз дәрежесінде танып-білуге қатысты осындай қиындықтарға қарамастан, ізденген жанның осыларға байланысты сол кезеңнен бүгінге жеткен басқа жанама деректерге жан-жақты талдау жасау арқылы жаңағы айтылған тапшы деректің байыбына тереңдей бойлап, көне заманда Ұлы Далада дәурен сүрген ежелгі Сиунну және Сиәнби империяларынан кейін үзіліп қалып, тек арада бірнеше ғасырлар өткеннен соң барып көшпелілердің солардай жаңа бір әйгілі империясын құрған атақты екі қаған – Бумын мен Істімі жөнінде біраз мағлұматтар алуына болатын сияқты.

Айтылғанға айғақ ретінде енді осы орайдағы өз пайымдауларымды ортаға салайын. Алдымен, Бумын қаған туралы.

Бумынның Бірінші Шығыс Түрік қағанатының негізін қалап, атын әлемге танытқан түріктердің бірінші қағаны болғанын тарихтан хабардар жанның бәрі білгенімен, оның осы қағанатты құрғанға дейін кім болғанын, қандай лауазымды иеленгенін екінің бірі біле бермейді. Сол секілді түрік елінің қағанат болғанға дейін Жыужән қағанатының боданы болғанын жұрттың бәрі білгенімен, олардың сол бодандықта жүргендегі елдік құрылымының қандай болғанын, яғни жеке тайпа ма, әлде тайпалар бірлестігі ме еді, болмаса өз алдына бағынышты жеке хандық па еді – бұдан да көп адамдар хабарсыз. Өйткені, бұларды ашып жазып, анық көрсеткен нақты дерек те, жол, бағыт сілтер зерттеу еңбек те жоқ. Ал бұларды білудің тарих үшін маңызы зор. Соның үшін басқа қосымша дерек беретін жанама дереккөздеріне үнілуге тура келеді.

Бұл ретте «Жыу кітабында» («Жыушуда») ортағасырлық түрік мемлекетінің билік басындағы лауазым иелері санының 28 екені және «олардың бәрінің бұл шенге мұрагерлік жолмен ие болатыны» жөнінде дерек бар (Түріктер. Жыужәндар. – А., 1999. – 36-б). Міне, осы дерекке негіздеп, түріктердің тарихқа танылған кездегі билеушісі – Бумынды билік тізгініне мұрагерлік жолмен ие болған деп анық айтуға болады. Мұны осы «Жыу кітабынан» кейін жазылған «Жаңа Таң кітабының» («Сиңтаңшудың»):

«Батыс түріктің арғы тегі Надулудың немересі Туву. Ол «да-иеху» («ұлы йабғу») деп аталған. Үлкені – Тумын Или қаған (Ел қағаны), кішісі – Шідиән-ми («Сідими» деп те атайды)» деген дерегі де құптай түседі (Аталған кітап. – 89-б.). Бұл деректер жөнінде осының алдында да айтқанбыз. Алайда әңгіменің нақтылығы сол айтылғандарды тағы бір қайталап, талдау жасау арқылы ойды толықтыра түсуді қажет етеді. Өйткені, осы арқылы айтылған пайымдауымызға айғақ болар үш бірдей мәселенің басын ашуға мүмкіндік аламыз.

Оның алғашқысы – Бумынның алдындағы түрік елінің билеушісінің кім болғандығы. Ол – Надулудың немересі Туву деген кісі екен. Осыдан кейін қытай тарихнамаларында келтірілген аңызда түріктердің түп атасы ретінде берілетін мифтік кейіпкер – Надулудың (Надулиудің) осы Тувудың атасы, тарихта болған адам екендігі анықталады. Егер тарихшылардың үш ұрпақтың ауысуын бір ғасырға есептейтінін және тарихқа танылған кезде Бумынныңжасы ұлғайған қарт кісі екенін ескерсек, онда Надулу Түрік қағанаты құрылған кезден бар-жоғы бір, бір жарым ғасыр бұрын ғана өмір сүрген болып шығады. Бұл түріктердің жыужәндарға бодан болуының алғашқы жылдарына келеді.

Екіншісі – түріктердің азат дербес ел ретінде тарихқа танылған кездегі билеушісі Бумынның осы Надулудың немересі Тувудың баласы екендігі және әкесінен кейін билікке ие болуға мұрагерлік құқы бар балаларының ішіндегі үлкені болғандығы.

Үшіншісі – Бумынның әкесінің орнын басып, түрік елінің билеушісі болғандығы. Түріктерде, қалды жалпы шығыс халықтарында қалыптасқан дәстүр бойынша ел билеушісінің балаларының үлкені қашанда тақ мұрагері. Демек, бұл жерде Бумынның баланың үлкені және әкесінен кейін ел билеушісі болуы – оның билік басына дәстүрлі мұрагерлік жолмен келгенін дәлелдер бұлтартпас айғақ.

Сондай-ақ аталмыш деректе «ол «да-иеху» деп аталған» деп, Тувудың сол кездегі билік лауазымының аты да анық көрсетілген. Рас, ортағасырлық түріктердің билеушісінің қытайша берілген бұл лауазымының атын оқуда ғылымда қалыптасқан бірізділік жоқ. Синологтардың бірі мұны «иеху» деп оқыса, екіншілері – «шеху» деп оқиды. Осыған орай оның түркше баламасының мағынасы бір болғанымен, оқылуы да әртүрлі: бірі – «йабғу», екіншісі – «ябғу», үшіншісі – «жабғу» дейді.

Менің пайымдауымша, «𐰉𐰺𐰽» деп таңбаланған түрік жазуының дұрыс оқылуы – «йабағу» болуы керек. Байырғы түрік жазуында дауысты дыбыстың жазылмайтындығынан, кейінгі зерттеушілер сөзді дұрыс оқымай, «б» мен «ғ» дауыссыз дыбыстарының арасына қойылып оқылуға тиісті «а»

дыбысын тастап кеткен секілді. Бұл лауазым, меніңше, «йа» (садақ) және «бағу» сөздерінен құралып, кезінде «садақшыларды бағушы, яғни басқарушы» деген мағынаға ие болған. Түрік әскерінің негізін садақшылар құрайтындықтан, бұл жерде «садақшыларды басқарушы» дегенді «әскерді басқарушы» деп түсінген жөн.

«Бағу» сөзінің көшпелілер арасында «басқару» деген мағынада кешегі елді отырықшылыққа зорлықпен жаппай көшірілген XX ғасырдың отызыншы жылдарына дейін қолданылып келгені белгілі. Ұлы Абайдың «ел бағу қолдан келмейді» деп, ел басқаруды «ел бағу» деп қолданатыны осының дәлелі. (Құнанбаев А. Шығармалар жинағы. – А., 1961. – 439-б.)

Йабағу – әуелде мәртебесі жөнінен мемлекеттегі екінші лауазым иесі болса, кейін Түрік қағанаты кезінде ол осы қағанаттың құрамына кірген хандықтардың билеушілерінің лауазымына айналған тәрізді. Мұндай хандықтар кейін қағанат құлап, жеке бөлініп, дербестікке қол жеткізген кезде де, олардың билеушілері сол баяғы йабағу лауазымымен аталып кете берген. Орталық биліктен құтылып, жеке дербестікке қол жеткізген бұрынғы Батыс Түрік қағанаты құрамында болған елдің билеушілерінің қаған аталмай, «йабғу» аталып, бүгінгі ресми тарихқа осы атпен енуінің мәнісі де осында. Бұл былайша айтқанда, Ақсақ Темірдің қаған не хан аталмай өмірі «әмір» аталғаны, болмаса Едіге балаларының хан аталмай тек «мырза» аталғаны секілді. Жыужән қағанатының бодандығында жүрген түріктердің билеушісі Тувудың қытайша иеху (шеху), түрікше йабағу (йабғу, жабғу, ябғу) аталуында да, міне, осындай тарихи заңдылық бар.

Бумын бодандықтағы елдің билік тізгініне мұрагерлік жолымен ие болып, әкесі Тувудың орнына отырғандықтан, оның лауазымына да дәл осы жолмен ие болғаны даусыз. Демек, Жыужән қағанатын құлатып, еліне тәуелсіздік әперіп, өзі «Ел қағаны» аталғанға дейін Бумынның мансап лауазымы – «Даиеху», яғни «ұлы йабғу» болған деуге толық негіз бар. Ал оның әдеттегідей жәй «иеху» болмай, «да-иеху» болуына қарап, түрік елінің жыужән бодандығы кезінде соларға тәуелді, яғни далалықтардың сол замандағы дәстүрі бойынша бағыныштылығын мойындап, жыужәндарға тиісті алым-салығын төлеп тұрған, нақтырақ айтсақ, темір өндіріп, қару-жарағын жасап беріп тұрған жеке хандық болғандығын көрсетеді. Мұның солай болғанын түріктердің тарихқа танылмай тұрғанда-ақ, яғни жыужәнның боданы кезінің өзінде-ақ жеке ел ретінде өз қалауларымен «қытай шекарасына келіп, мақта және жібек маталарын сатып алып, Орталық мемлекетпен қарым-қатынас жасай бастады» деген (сонда. – 32-б.) дерек те растай түседі.

Бумынның көреген көсем, айтулы саясаткер болғанына, басқа деректерді былай қойғанда, оның басшылығымен түріктердің бодандық бұғауын үзіп, тәуелсіздікке қол жеткізуінің өзі-ақ толық дәлел бола алары сөзсіз. Дегенмен, халқын азаттыққа бастап, тәуелсіздікке қол жеткізіп қана қоймай, сонымен бірге елін ғасырдан астам уақыт бойы езіп-жаншып келген Жыужән қағанатын құлатып, оның орнына сондай құдіретті өз қағанатын орната білген кемеңгер басшының тарихи тұлғасын толық тануға мұның да аздық етері анық.

Сондықтан да оның өзін өзге билеушілерден ерекшелеп, даңқ биігіне көтерген тұлғалық қасиетін саралай түсуге мүмкіндік берер сол заманнан жеткен жазба деректерге қайта-қайта оралып, олардың әр сөзінің астарына ден қоя үңілу қажет.

Осы ретте «Жыу кітабындағы»: «(Да-тун билігінің) он екінші жылы (546 ж.) Тумын тарту-таралғымен (Батыс Вей патшалығына) өз елшісін жібереді. Осы кезде телылар жу-жуларға (жыужәндарға) қарсы жаза жорығына шығады. Тумын өзіне қарасты тайпаларды бастап, оларға орта жолда бүйірден тиісіп, талқанын шығарады. (Сөйтіп телының) 50 мың түтіндік бүкіл елін бағындырады» (Аталған еңбек. – 33-б.) деген дерек ішкі қайшылығымен ерекше назар аударып, сан сұрақты алға тартады. Бодандықтың бұғауында өздерімен бірге булыққан тағдырласы әрі қандас туысы телы тайпалары біріккен күшпен азаттық жорығына аттанғанда, түріктердің оларды қолдап, ортақ дұшпанына солармен бірлесіп соққы беру орнына, керісінше, жыужәндардың қолшоқпарына айналып, телыларға тосыннан тиісіп, оларды талқандауы неліктен?

Міне, осы сұрақтың нақты жауабын таба алсақ, Бумынның өз заманында қандай тұлға болғаны да айқындала түсетін сияқты. Ол үшін Бумынның жыужәндарға аттанып бара жатқан телы тайпаларына шабуыл жасауының себебін анықтау қажет. Ал бұл өз тарапынан сол кезеңнің сол тұстағы жалпы тарихи жағдайын мәлім етер қолда бар дереккөздерін қайталай қарап, әр деректі ой елегінен өткізуді талап етеді.

Бұл – Солтүстік Қытайда дәуірлеп тұрған Табғаш мемлекетінің (қытай жазбаларында «Вей империясы») іштей ыдырап, екіге бөлініп, үстемдікке таласып, өзара қырқысып жатқанына он шақты жыл болған кез². Осы жылдар ішінде билік таласында жеңіске жетуді көздеген қырқысушы екі жақ та көршілері – даланың дара билеушісі жыужәндарды одақтасы етіп, өз жағына шығарып алу үшін бар айла-шарғысын жасап бағады. Жыужән мемлекетінің қолдауына ие болған жақтың айының оңынан туары басы ашық шаруа еді. Сондықтан екі жақ та жыужәндарға үсті-үстіне елшілерін жіберіп, алтыны мен жібегін тарту ретінде тықпалап, қыздарын әйелдікке береді.

²Вей империясы жаңаша жыл санаудың 534 жылы Батыс Вей және Шығыс Вей империялары болып, екіге бөлінді. Бұларды мұсылман тарихшылары, соның ішінде қытайдағы қазақ тарихшылары да: «Батыс патшалық», «Шығыс патшалық» деп атайды. Сондай-ақ қытай деректерінен бұл империялардың билеушілер әулетінің ауысуына байланысты кейін Батыс Вей империясының «Солтүстік Жыу» («Бэй-Жыу»), ал Шығыс Вей империясының «Солтүстік Чи» («Бэй-Чи») аталғаны да белгілі. Осы арада оқырмандар түсінігін шатастырмас үшін орыс синологтарының оқуымен бұл атаулардың ресми тарихқа «Бэй-чжоу», «Бэй-ци» болып енгенін де айта кеткен жөн.

Жыужән қағаны Анагүй әуелгі де екі жаққа да бірдейлік танытып, саясаткерлік икемділік жасағанымен, кейін құйылып жатқан тегін байлыққа мастанып, Шығыс Вей империясының императоры Зин-дидің аталығы Шыңвудың (Гау-хуанның) айла шарғысына ілігіп, Батыс Вей империясын тастап, оның қарсыласы жағына аунап түседі.

Қыз беріп, қыз алысып, тілектес жақыны болған жыужәндардың аяқ астынан Шығыс Вей империясының жағына шығып кетуі – Батыс Вей империясының императоры Він-диді де, оның аталығы атақты қолбасшы, аққаптал саясатшы Иүй-вн Тайды да тұйыққа тіреп, дәрменсіз күй кешуге мәжбүр етеді.

Шындығында да, жыужәндар мен шығыс вейліктердің бірігуі – Батыс Вей империясы күнінің санаулы қалғанының айғағы еді.

Міне, тап осы кезде Батыс Вей империясының билеушілері суға батып кетіп бара жатқан жанның жанұшыра қарманғанындай жанталасып, жан-жаққа елшісін аттандырып, жаңа одақтас іздестіре бастайды. Сол тұста Жыужән мемлекетінің бодандары ішінде халқы көп телы тайпалары мен төңірегіне аты шыға бастаған түркілерден басқа олардың назарына ілігер іргелі ел жоқ болатын. Батыс вейліктерге бұлар, тіпті, сенімді одақтас болмаған күнде де Жыужән мемлекетін іштен ірітіп, күшін әлсірете беру үшін де аса қажет еді. Осыған байланысты «Жыу кітабы» («Жыушу»): «Датун жылнамасының он бірінші жылы Батыс Вей патшалығының патшасы Тэй-зу жиу-чиуэндяқ ху Эн-Напантоны Тумынға елші етіп жіберді» (Аталған еңбек. – 33-б.), – деп жазса, онда осындай тарихи жағдай туғызған шындық бар.

Осы арада мына бір жайға да назар аудару қажет секілді. Қытайдың тарихнамалары берер деректерді зерделей пайымдасаңыз, барлық уақытта да далалық мемлекеттер мен Орталық мемлекеттің (қытайдың) арасындағы байланыстың бастаушысы үнемі далалықтар болып келеді.

Оған басты себеп, сол кездегі дипломатиялық қатынастағы қалыптасқан таным-түсінік бойынша Орталық мемлекеттің тануы – далалық хандықтардың жеке мемлекет ретінде қатарға қосылуының белгісі. «Жыу

кітабы» дерегіндегі Батыс Вейдің елшісі келгенде түріктердің: «Бүгін ұлы мемлекеттен елші келді. Енді еліміздің мәртебесі өсетін болды» (сонда. – 33-б.), – деп қуанулары да осы түсініктен. Сондықтан далалық мемлекеттің билеушілері алғашқы туған мүмкіндікті пайдаланып, аса мол тарту-таралғылармен елшілерін жіберіп, Орталық мемлекет императорларынан өздерін жеке мемлекет деп тануын өтініп отырған.

Ал бұл жолы, яғни түріктердің танылуында, ел ретінде еленуінде осы қалыптасқан дәстүр тұңғыш рет бұзылып, бәрі керісінше болып отыр. Бұрынғыдай «елімді жеке хандық, өзімді хан деп тани гөр» деп жалынып, тарту-таралғысымен елшісін жіберіп, жалпандап отырған түріктер жоқ, керісінше, біреуге бодан елді дербес ел ретінде мойындайтынын танытып, Батыс Вей империясы бұларға елшісін жібереді.

Қалай, ойласуға тұратын-ақ факті емес пе?! Бірақ, біз ойласпадық, дұрысында ойластырмады. Түріктер тарихына түбегейлі бет бұруға мүмкіндік бермеген сыртқы ықпалдың салдары зерттеушілерді осынау маңызды мәселеге соқтыртпай, сырт айналып, ескі ізбен салпақтай беруге мәжбүр етті.

Қазір заман өзгерді. Тәуелсіздік төл тарихыңның қалыс қалғанын қарастырып, ақиқаттың ақ туының көтерілуіне мүмкіндік берді. Осы мүмкіндікті пайдаланбай, бұрынғыша ескі сүрлеумен елпектей беру – енді елдікке де, естілікке де сын.

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, қалай болғанда да, алдымен, Батыс Вей империясының түріктерге өздерінің бірінші болып арнайы елші жіберуін сол кездің тарихы үшін тосын да ерекше оқиға екенін пайымдау керек. Сонда мұндай тосын да ерекше оқиғаның жай қара халықты кезінде қуантқанымен, сол халықтың тағдырының тізгінін ұстап отырған, жыужәндардың езгісінен ығыр болған елінің қолын қалай азаттыққа жеткіземін деп түн ұйқысын төрт бөліп жүрген ел басшысының ойын онға бөліп, санасын сарсаң қылары хақ. Өйткені, өздерін «жабайы» деп қарайтын императордың аяқ астынан мұншалықты құрмет көрсетіп, арнайы елші жіберуінің артында батпан зіл жатуы әбден мүмкін еді. Сондықтан Бумынның тосын келген елшіліктің бұл келісін тағдырының оң қабақ танытып, көктен тілегенінің жерден табылуына балап, халқымен бірге қуанғанымен, артында азаттық түгіл, бүгінгісінің өзіне зар қылып, айықтырмас азапқа ұшыратар пәлесі бар-жоғын тани алмай қиналғаны да зерде мойындар шындық. Бұған Батыс Вей елшісі келіп кеткеннен кейінгі Бумынның іс-әрекеті толық куәлік береді.

Бұл арада, алдымен, Батыс Вей елшісінің түріктерге қандай шаруамен келгенін білудің маңызы зор. Бұл жөнінде қытай жазбалары жақ ашпайды. Бірақ сол кезең тарихынан хабардар зерттеушіге мұны білу онша қиындық та

туғызбайды. Өйткені, «Көктің ұлымын» деп көкірек керген императордыңәлі жеке хандық болып бөлініп те шықпаған, жыужән қағаны Анагүйдің бағынышты бектерінің бірі – Бумынға өзінің бірінші болып, арнайы елші жіберуі, сөз жоқ, тарихқа танылмаған түріктердің тегеурінің мықтылығынан емес, қарсыласы Шығыс Вей империясының жыужәндармен бірігіп кетуінің дүмпуі екені айдан анық.

Билік үшін күресте өздерін тастап, Шығыс Вей империясының жағына аунап түскен Жыужән мемлекетінің ішіне ірткі салып, өзімен-өзін әуре қылып қою, сөйтіп олардың шығыс вейліктерге қарайласуына шамасын келтіртпеу – Батыс Вей империясының соңғы тұяқ серпуі еді. Сондықтан да бұл жерде Батыс Вей елшісінің өз империясының түріктердің азаттыққа жетуіне қолдау көрсетіп, сенімді одақтасы болатынын алға тарта отырып, оларды өздеріне талай жыл үстемдік жүргізіп, езіп келген жыужәндарға қарсы айдап салу үшін келгені ешқандай күдік тудырмайды.

Осы арада мына бір жайға да назар аударған жөн. Түріктерге Батыс Вей елшісі келген оқиғадан кейін, арада жыл өтер-өтпесте, жыужәндардың езгісінде жүрген екінші бір халық – телы тайпалары өз қожаларына, яғни Жыужән мемлекетіне қарсы аяқ астынан көтеріліске шығады. Бұл оқиғаны баяндаған қытай жазбаларында телы тайпаларының көтеріліс жасауларының себеп-салдары көрсетілмейді. Алайда оқиғаның өрбу барысына ден қойған адам мұның да жыужәндардың шығыс вейліктерге көмектесуіне мүмкіндік бермеу мақсатында жасаған батыс вейліктердің іштен іріту әрекетінің нәтижесі екенін және сол кезде түріктермен қатар телы тайпаларына да Батыс Вейден елші келгендігін, одақтас болып көмектесеміз деп оларды жыужәндарға қарсы көтеріліс жасауға көндіргенін бірден байқай алады. Бұл да батыс вейліктер елшісінің түріктерге келуінің себебін анықтаудағы біздің пайымдауымыздың шындықтан шет емес екенін айқындай түседі.

Қалай болғанда да, Бумын бұл реттегі Батыс Вей империясының түпкі мақсатын түбегейлі түсініп, соған сай әрекет етуге кіріскені даусыз. Оның әр қимылы сақтыққа толы. Бұл – оның өзін империя қолдайды екен деп, аңдаусыз аяқ басудың ақыры халқын апатқа ұрындыратынын дер кезінде және мейлінше дәл ұққанының айғағы. Жылнамалар жеткізген тапшы деректер осыны ұғындырады. Ол Батыс Вей секілді империяның қолдауын пайдаланып қалайын деп, телылар сияқты жанталасып, бірден атқа қонудың қамына кіріспейді. Алдымен, бар жайды байыптап біліп алуды жөн көреді. Соған сай «Жыу кітабы» берген деректе көрсетілгендей: «(Да-тун билігінің) он екінші жылы Тумын тарту-таралғымен (Батыс Вей патшалығына) өз елшісін жібереді» (аталған еңбек. – 33-б.). Демек, Тумын Батыс Вейдің елшісі кетісімен (бәлкім солармен бірге), оларға өзінің елшісін жіберіп, өз

адамдары арқылы бар жағдайды білуді мұрат тұтқан, сол арқылы жыужәндарға қарсы күресте «одақтас боламын, көмектесемін» деп ауызша қарық қылған империяның шынайы жағдайын біліп, оларға сеніп, арандап қалуға болмайтынына көз жеткізген, елінің қазіргі жағдайында дәуірлеп тұрған жыужәндармен соғысудың өз халқы үшін қосымша азаптан басқа түк нәтиже бермейтінін, азаттыққа жету үшін қапысыз дайындықтың, тек өз күшіне сенудің қажеттігін жете түсінген. Сол себепті де ол ешкім күтпеген әрекетке барып, жыужәндарға қарсы жорыққа аттанған телы тайпаларын қолдау орнына оларға тосыннан тиісіп, бүкіл елін өз қарауына қосып алады.

Бұл ретте «Жыу кітабы»: «Осы кезде телылар жу-жуларға (жыужәндарға) қарсы жаза жорығына шығады. Тумын өзіне қарасты тайпаларды бастап, оларға орта жолда бүйірден тиісіп, талқанын шығарады. Сөйтіп 50 мың түтіндік бүкіл елін бағындырады» (сонда. – 33-б.), – деген дерек береді. Осындағы «талқанын шығарды» деген тіркес әдеттегідей «қарсыласын қырып-жойып жіберді» ұғымын білдірмейді. Мұнда император сарайына мәлімет жеткізушілер түріктердің телы тайпаларын толық бағындырғанын және енді телылардың өз алдына жеке иелік болудан қалғанын хабарлап отыр. Оның солай екенін келесі «50 мың түтіндік бүкіл елін бағындырды» деген дерек толық дәлелдей түседі.

Дереккөздерінде басы ашылып, анықтап көрсетілмегенімен, сол кездің саяси ахуалы тұрғысынан алып қарағанда, кезінде өзгелер түгілі, өз адамдары үшін де түсініксіз болған іске бел буып, батыл қадам жасауымен, яғни телы тайпаларын бағындырып алуымен Бумын түрік елінің азаттық алуына мүмкіндік берген, ауадай қажет төрт бірдей күрделі мәселені өз пайдасына шеше білгенін көруге болады.

Түріктер телы тайпаларының әскеріне күтпеген жерден, бүйірден тиісіп, қоршап алу арқылы олардың өздеріне тегеурінді қарсылық жасауына мүмкіндік бермей, қаруларын тастап, бағынуға мәжбүр етті. Осынысымен олар, біріншіден, телы тайпаларының әскерін жыужәндармен соғысып, босқа қырылудан сақтап қалды. Өйткені, бұл кезде қағанат дәрежесіне көтеріліп, дәуірлеп тұрған жыужәндарды телы тайпаларының жеке соғысып, жеңулері мүмкін емес еді. Қанша жерден «қарық қыламыз» дегенімен, батыс вейліктердің де оларды қолдап, тегеурінді көмек берулері екіталай еді.

Екіншіден, телы тайпаларының 50 мың үйін елінің құрамына қосып алуы арқылы Бумын өзінің әскери қуатын нығайтып, күшін еселей түсті. Әскеріне сондай әскер қосылды.

Үшіншіден, түріктердің өздеріне «адалдық» танытып, көтеріліске шыққан телы тайпаларын өз еріктерімен барып, талқандауы – жыужәндардың оларға деген сенімін арттырды. Соның арқасында Бумын

жыужәндар тарапынан болатын түрлі кедергілерден құтылып, алдағы азаттық көтерілісіне кең көлемде алаңсыз дайындалуға толық мүмкіндік алды.

Төртіншіден, жыужәндарды ішкі қырқысқа араластырмай, телы тайпаларының көтерілісін түріктердің өздерінің басуы көшпелілердің негізгі дұшпаны Шығыс Вей және Батыс Вей империяларының тыныс алып, күшеюіне жол бермей, оларға деген жыужәндардың үстемдік ықпалының бұрынғы күйінде сақталып қалуын қамтамасыз етті. Соның нәтижесінде, Батыс Вей империясының көшпелілерді бірін-біріне айдап салу арқылы іштей ірітіп, өзімен өзін әуре қылып қоямыз деген саясаты жүзеге аспай қалды. Бұл өз тарапынан екі империяның жыужән қағанына тәуелділікпен бұрынғысынша екі жақтап жалпақтап, Анагүйді онан сайын дандайсытып, сақтықты естен шығаруына көмектесті.

Бумынға керегі де осы еді. Ол өзінің ел ертеңін ерте ойлай алатын көреген басшы, өзгелерден шоқтығы биік ірі саясаткер екенін дәлелдеп, әр күні қауіпке толы аласапыранды қым-қуыт шақта өздері үшін бір емес, тұтас бес жылдың бейбіт өтуін қамтамасыз етті. Сөйтіп, жыужәндай қуатты елмен шешуші шайқасқа шығуға арнайы дайындықтан өтіп шындалған, қандай жаумен болса да беріспей белдесе алатын, көк темірмен құрған қалың қолды жасақтап үлгірді.

Міне, осыдан кейін барып, Бумын Жыужән мемлекетінің билеушісі, өзінің бұрынғы қожасы Анагүйге арнайы елші жіберіп, қызын өзіне әйелдікке беруін сұрайды. Бұл сол кездің дипломатиялық тілінде: «менің енді сенімен терезем тең, менімен есептесуге тиістісің» дегенді білдіретін еді.

Қытайдың екі бірдей империясын теспей сорып, қазынасын байытып, бүкіл далада өзімен иық теңестіретін бірде-бір мемлекет жоқ деп, дүрсіп тұрған Анагүй Бумынның мына «бейбастығына» шектен шыға ашуланып, «Сен – менің темір өндіретін құлымсың. Маған осындай ұсыныспен елші жіберуге қалай батылың барды», – деп, Бумынды кемсіте сөгіп, тілі жеткенше балағаттап, соны жеткізу үшін түріктерге жедел арнайы шапқыншы жіберді (сонда. – 33-б.). Бумын оқиғаның осылай өрбитінін әуел баста-ақ білген-ді. Сондықтан түпкі ойын жүзеге асыру үшін енді ол өз тарапынан қорланған жан есебінде не істеймін десе де еріктілігін пайдаланып, Анагүйдің жіберген елшісін өлтіріп, жыужәнмен соғысуға жол ашты. Батыс Вей империясына шұғыл шапқыншы жіберіп, болған жайды мәлімдеп, өзінің Жыужән мемлекетімен байланысын біржола үзгенін хабарлады. Осынысымен ендігі жерде өзінің Батыс Вей империясымен бір екенін дәлелдеп, соған қайтарым ретінде императордан қызын өзіне әйелдікке беруін талап етті. Екі жақты соққының өтінде қалып, өз қуатының

күн санап азайып, қарсыласы шығысвейліктердің күшейіп келе жатқанын көріп-біліп отырған Батыс Вей императорының «түріктерге қыз бермеймін» деп шалқаюға шамасы жоқ болатын. Сондықтан да император Він-ди амалсыз Бумынның талабын қабылдап, Шаңлы ханшаны оған әйелдікке береді. Бұл Батыс Вей империясының қандай жағдайда да түріктердің одақтасы болатынының кепілі еді. Осы кепілдікті алысымен, Бумын «жыужән қағаны Анагүй қашан маған шабуыл жасайды» деп күтіп жатпай-ақ, фи-ди билігінің бірінші жылының бірінші айында, яғни 552 жылдың қозы айында шешуші шайқасқа қапысыз дайындалған қалың қолын бастап, оның еліне аттанды.

Екі жақтың әскері Хуэй-хуанның терістігіндегі жазықта кездесіп, аянбай шайқасады. Осы айқасқа арнайы дайындалып, өздері тіленіп келген Бумынның қолы Анагүйдің асығыс жасақталған әскерінің тоз-тозын шығарып, ойсырата жеңеді. Қоршауда қалып, өзінің кешегі бағынышты адамының қолына түсіп, тұтқын болудан қорыққан Анагүй өзін-өзі жарып өлтіреді.

Осыдан кейін Жыужән мемлекеті құлайды. Оның орнына Түрік қағанаты шаңырақ көтереді. Түрік елі жиналып, Бумынды ақ киізге отырғызып, қаған көтеріп, өзіне «Ел қағаны», әйеліне «Білге қатын» деген атақ береді. Алайда Бумын елінің ұзақ жылдардан кейін зарығып барып, қол жеткізген ұлы тәуелсізгінің қызығын көп көре алмай, бір жылдан кейін, яғни 553 жылы қайтыс болады.

Бумынның қалай қайтыс болғаны жөнінде нақты дерек жоқ. «Жыу кітабы» бұл ретте: «Тумын (Бумын) өлгеннен кейін, таққа баласы Кыло отырды» дегенді ғана хабарлайды (сонда. – 33-б.). Бұдан Бумынның қайтыс болғанын білгенмен, қандай жағдайда, қалай өлгенін білу қиын. Сондықтан бұл орайда бірдеме білу үшін Бумын қаған атанғаннан кейін қандай оқиғалар болғанын анықтап, соларға талдау жасау қажет.

Бұл ретте «Вей кітабынан» («Вейшу») мынандай дерек оқимыз: «Тиән-бау жылнамасының үшінші жылында (552 ж.) Анагүй түріктерден күйрей жеңіліп, өзін-өзі өлтірді. Анагүйдің мұрагер баласы Иәнлочың, немере туысы Дынжу сыли және оның ұлы Кути халқын жинап, Чи патшалығына (Шығыс Вей империясына) қашып барды. Қалған халқы Дынжыу сылидің екінші баласы Тиефаны қаған етіп қойды... Ұзамай Тиефаны чидэндар (кидэндар) өлтірді. Ұлықтар Дынжуды қаған етіп қойды. Бірақ оны Афути бастаған ел ағалары өлтіріп тастады. Ұлықтар тағы да Кутиді қаған етті» (Түріктер. Жыужәндар. – А, 1999. – 166-167-бб.). Бұдан елінен, жерінен айырылып, босқындыққа ұшыраған жыужәндардың қалғандарының кімге бағынарын білмей, басшыларын бірінен кейін бірін ауыстырып, өзімен-өзі әуре болғаны,

яғни Хуэй-хуанның терістігіндегі жеңілістен кейін бас біріктіріп, түріктерден кек алу шабуылына шыға алмағаны анық көрінеді.

Бұл – түріктер мен жыужәндар арасында Бумынның көзі тірісінде ешқандай соғыс болмады деген сөз. Сондай-ақ түріктердің осы тұста өзгелермен де қақтығысқаны жөнінде дерек кездеспейді. Демек, Бумынды соғыста, жау қолынан мерт болды деуге де негіз жоқ. Осыған қарағанда, Бумын өз ажалынан өлген сияқты.

Бумын «Ел қағаны» аталғаннан кейін бір-ақ жыл өмір сүрді. Бірақ осы аз уақыттың ішінде қол жеткізген жеңісін баянды етіп, тәуелсіздігін сыртқы жаудан қорғай алар тұрақты әскері бар қуатты Түрік мемлекетін құрды.

Бұл да өздерінен бұрынғы далалық ірі мемлекеттер секілді рулық-тайпалық құрылымға негізделген мемлекет еді. Оның өзінің көп сатылы басшылық органы болды. Соның жоғары лауазымды мансабына белгілі тәртіп бойынша қағанның аға-інілері, балалары мұрагерлік етті. Бұлардың бәрі ұлығ ханға, яғни қағанға бағынды. Кейін өзге жұртты жаулап алу барысында мемлекет аумағы ұлғайып, оны басқару күрделіленген кезде, жер-жерде жеке иеліктер құрылып, оны кіші қағандар басқарды (бұл Тобо қағанның тұсында болды). Сөйтіп ел қағанатқа, ұлығ хан қағанға (ханның ханына) айналды.

Қағанаттың ең жоғарғы органы – шонжарлар кеңесі. Кей деректерде оны «хан кеңесі» деп те атайды. Кеңес мүшелері жылына бір рет қаған ордасында бас қосып, елдегі жыл бойы қордаланған аса күрделі мәселелерді шешеді. Төтенше жағдай туған кезде, мысалы, соғыс жағдайында, қаған қайтыс болғанда кезектен тыс бас қосады. Өлген қағанның орнына адам тағайындағанда мұнда «әке тағы – балаға мұра» делінетін ортағасырлық көшпелілерге тән дәстүр емес, Бумын орнатқан жаңа заң басшылыққа алынады, яғни қаған тағын оның тетелес інісі иеленеді.

Осылардың бәрі ел басқаруда Бумынның сиуннулардың ел басқару дәстүрін басшылыққа алғанын көрсетеді. Бұл, біріншіден, көшпелілердің мемлекеттілік дәстүрінің жоғалмай, ұрпақтан ұрпаққа ауысып, сабақтаса жалғасып жататынын айғақтаса, екіншіден, сол арқылы, жоғарыда айтқанымыздай, Ұлы Даладабірігу үрдісі барысында құрылған далалық империялардың (қағанаттардың) бір-бірінің заңды мұрагері болып табылатынын дәлелдейді. Жаңаша жыл санаудан бұрынғы III ғасырда Сиунну империясын құрған Маудуңның ел басқару тәртібін арада тоғыз ғасыр өткен соң Түрік қағанатын құрған Бумынның еш өзгеріссіз қайталауы осының анық көрінісі. Демек, тарихи сабақтастық қай кезде де үзілмеген. Бұл – көшпелі өмір салты тудырған заңдылық. Көшпелі тірліктің әр кезеңіндегі бірігулер мен ыдырауларының өмірлік қажеттігіне орай елді басқарудың

өзіндік жүйесі қалыптасып, соларға сай қоғамдық жаңа құқықтар, жаңа билік ережелері тәріздес түрлі категориялар туындап, дамып отырған. Соның нәтижесінде қоғам мүшелері жаңа бір қоғамдық тәртіп билігіне өтіп, жалпы халықтық мәдениетке қарай ілгерлеп, жаңа қоғамдық сананың қалыптасуына негіз қалаған. Осындағы негіздің алтын арқауы, жаңағы айтқан, сабақтастық. Бұл заңдылық Бумын құрған Түрік қағанатына да, сондай-ақ одан бұрынғы Сиуңну империясына да, кейінгі Моңғол империясына да тән. Мысалы, осы айтылғандарға дәлел ретінде VI ғасырдағы түрік қағаны Бумынның өзі құрған мемлекетінің ішкі бірлігін, сыртқы тұтастығын, қоғам мүшелерінің азаматтық құқықтарын қорғаған заң кодексі баптарының XVII ғасырдың аяғындағы қазақ ханы Тәукенің әйгілі «Жеті жарғысының» баптарынан көрініс табуын алға тартуға болар еді. Қазақ ғалымы, марқұм Құлмат Өмірәлиев «Жыу кітабында» берілген байырғы түріктердің заң кодексін ірі-ірі жеті бапқа бөліп, бүгінгі түсінікте былайша саралайды:

I бап. Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын (Бұл бап мемлекет тұтастығын сақтау талабынан туған).

II бап. Түрік будынының (жұртының) мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына бұйырылсын (Бұл бап та халықтың ортақ мүддесі – ел бүтіндігін қорғаған біртұтас қоғамдық сананың жемісі).

III бап. Қағанат ішінде жазықсыз адам өлтірген кісілер өлім жазасына бұйырылсын (Бұл бап варварлықтың төменгі сатысына тән кісі өлтірушілік культіне тыйым салған және мәдениеттіліктің белгісі ретінде танылуға тиіс өте елеулі жаңалық).

IV бап. Өзге біреудің әйелімен зинақорлық жасап, ақ некені бұзушыларға өлім жазасы бұйырылсын (Бұл бап отбасының бірлігін, адалдығын талап еткен, неке парызына аса биік талап қойған зор жаңалық).

V бап. Кермеде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлік атты ұрлаған адамға өлім жазасы бұйырылсын (Жаугершілік заманда елдің, қағанаттың соғыс күші болып саналатын жақсы атты сақтау талабынан туған).

VI бап. Төбелесте мертігудің (жарақаттанудың) түріне қарай мүлік түрінде құн төленсін.

а) біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын береді, ал қызы жоқ болса, қыздың қалың малын төлейді.

б) төрт (он екі) мүшенің бірін мертіктірген (жарақаттаған) кісі айыпқа ат береді.

VII бап. Ұрланған жылқы, өзге де құнды мүлік үшін он есе артық айып төлеттірілсін (Өмірәлиев Қ. VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. – А., 1985. – 17-18-бб.).

Аз уақыт ішінде Бумынның осындай заң шығаруы, сөз жоқ, сол үзілмей жалғасып келе жатқан сабақтастықтың арқасы екені даусыз. Сондықтан, бұл арада Бумынды өзіндік жаңа заң шығарушыдан гөрі, бұрынғы бар заңды өз уақытының талабына сай бейімдеп, қалыптастырушы ретінде қабылдаған дұрыс. Бұл оның Түрік қағанатында орнатқан заң тәртібінің өзіндік ерекшелігі болғанын жоққа шығармайды, оған ешқандай нұқсан келтірмейді. Мысалы, менің пайымдауымша, Бумын – қағанат тағына мұрагерлік жолмен өлген қағанның баласын отырғызатын ежелден қалыптасқан дәстүрді бұзып, оның орнына билік тізгінін ел басқару ісіне кезінде қағанның өзімен бірге араласып, тәжірибе жинақтаған, жақсы-жаманды ажырата білетін оның тетелес інісіне беруді, көшпелі мемлекеттердің бұған дейінгі билеушілері арасында, жүзеге асырған бірінші адам. Бұл туралы Түрік қағанатының екінші қағаны жөнінде арнайы сөз болатындықтан, ой қайталамас үшін, әңгіме арнасын енді солай қарай бұралық.

Түрік қағанатының Бумыннан кейінгі екінші қағаны жөнінде сөз қозғағанда баяғы жазба дерекке жадыланудың зардабы тағы алдан шығады. Көшпелілерге қатысты белгілі бір мәселенің нақтылығын анықтауға көмектесер олардың өздерінен қалған деректің жоқтығынан, отырықшы елдер қалдырған жазба мұралардың осы мәселеге қатысты дерегіне жүгінуге тура келеді. Басқа амал жоқ. Бірақ солай дей тұрғанмен, ол деректерді жан-жақты талдап, ғылыми зердеден өткізбей, оны бірден ақиқаттың айғағына айналдырып, сол арқылы кесімді пікір айтудың үнемі абырой әпермейтінін, кейде елеулі жаңсақтыққа ұрындыратынын да есте ұстаған жөн. Өйткені, Түрік қағанатының екінші қағанының кім екенін анықтауда мұның ерекше маңызы бар. Мысалы, «Жыу кітабында» Түрік қағанатының Бумыннан кейінгі қағанының кім болғаны нақты атап көрсетіліп, онда: «Тумын (Бумын) өлгеннен кейін, оның орнына баласы Кыло (Коло) таққа отырды. Кыло «Исижи қаған» деп аталды» деп жазылған (Түріктер. Жыужәндар. – А. 1999. – 33-б).

Былай қарағанда, бәрі дұрыс. Содан да болар, осы деректің негізінде қазір Түрік қағанатының Бумыннан кейінгі екінші қағаны «оның баласы Кыло» деген тұжырым тарихи шындық ретінде қабылданып, ғылымға енгізілді. Ешкім бұған күмән келтірмейді. Жекелеген зерттеулерден бастап, академиялық еңбектерге дейін солай деп жазады³.

Алайда, осыған қарамастан, бұл деректің де, соған негізделіп жасалған тұжырымдардың да дұрыстығына кәдімгідей күдік келтіруге тура келеді. Өйткені, қалыптасқан осы тұжырымды мансұқтайтын жекелеген пайымдауымызды айтпағанның өзінде, берер мәліметінің деректік мәні осы деректі беріп отырған «Жыу кітабынан» бірде кем түспейтін басқа

дереккөздері бұған керісінше мәлімет береді. Оларда да: «Бумын өлгеннен кейін қаған тағына баласы емес, інісі отырды», – деп анық жазылған. Кәне, бірігіп оқып көрелік.

³Соңғы шыққан (1996 ж.) «Қазақстан тарихы» атты академиялық еңбектің авторлары «Жыу кітабының» «Тумын өлгеннен кейін баласы Кыло таққа отырды. Кыло «Исижи қаған» деп аталды» деген дерегін «Бумын өлгеннен кейін таққа оның інісі Қара-Еске отырды» деп алыпты. Бірақ осындағы «баласы» дегенді неге «інісі» деп, сондай-ақ «Кыло Исижи қаған» есімін не себепті «Қара-Еске» деп өзгерткендері жөнінде ешқандай түсінік бермейді (297-бет). Осы орайда Л. Гумилевтің «Кыло Исижи қағанды» «Қара Ыссық-хан» деп түрікшелейтінін де еске сала кетеміз (Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – Стр. 28).

«Сүй кітабы». 84-бума, 49-баян: «Или қаған (Бумын) өлгеннен кейін інісі И қаған таққа отырды⁴. Ол тағы да жу-жуды (жыужэнды) талқандады. (Ұзамай) ол да аурудан қайтыс болды. Таққа баласы Ниетуді отырғызбай, інісі Сыдоуды (Сыжинді, Цзушуды) отырғызды. Оны «Мугэн қаған» деп атады» (Түріктер. Жыужэндар. – А., 1999. – 31-б.).

Күлтегін ескерткіші (Үлкен жазу): «Биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-тегім Бумын қаған, Істемі қаған отырған. Отырып, түрік халқының ел-жұртын қалыптастырған, иелік еткен». (Жолдасбеков М. Асыл арналар. – А., 1986. – 46-б.)⁷

⁴Н.Я. Бичуринде бұл жолдар «По кончине Или-хана младший его барат Ай-хан поставлен» деп аударылған (Бичурин Н.Я. Собрание сведений ... – М.-Л., 1950. – Стр. 221).

Көрдіңіз бе, бұларда да бұлыңғырлық жоқ, анық жазылған: алғашқысы Бумыннан кейін қағанат тағына оның баласы емес, інісі отырғанын ашық айтса, екіншісі «түріктің ел жұртын қалыптастырып, билік еткендердің» Бумын қаған мен Істімі қаған екенін нақтылайды. Мұндағы Істімінің Бумынның туған інісі екені белгілі. Демек, екінші дерек те Бумыннан кейін таққа баласы емес, інісі отырғанын ашып айтып отыр. Тек өкініштісі, осындай басы ашық бағалы деректер тарихшылар тарапынан зерттелмей, назардан тыс қалып, әлі күнге ғылыми айналымға түсірілмей келеді.

Сонымен, Түрік қағанатының екінші қағанының кім екенін анықтауға мүмкіндік берер бір емес, үш дерек бар екен⁵. Ең ғажабы, үшеуінің де құжаттық құқы бірдей. Сондықтан, талдап талқыламай, зерттеп анығына жетпей, қосымша басқа дерекпен айғақтамай тұрып, олардың біреуіне басымдық беріп, «осыныкі жөн» деу де қиын. Бірақ бұлардың үшеуінің бірдей дұрыс еместігі тағы анық. Сонда мұның қайсысы дұрыс? Қағанаттың екінші қағаны «Бумынның баласы Кыло» дейтін алғашқысы ма, жоқ, әлде

«Бумынның інісі И немесе Істемі» дейтін кейінгі екеуінікі ме? Бұл сауалдарға нақты жауап беру үшін аталмыш үш дерекке талдау жасау қажет, онсыз шындыққа жету қиын.

⁵«Қазақстан тарихы» авторлары «Бумын өлгеннен кейін таққа оның інісі Қара-Еске отырды» деп жазады. Бірақ олардың бұл тұжырымы ешқандай дерекпен негізделмеген.

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, «Жыу кітабының» «Тумын (Бумын) қаған өлгеннен кейін, оның орнына баласы Кыло отырды» деген дерегіндегі «баласы» деген сөз кітап авторының, болмаса оның алғашқы көшірушісінің (аудармашының емес!) тарапынан жіберілген бейқамдықтан, «інісі» деген сөздің орнына жаңсақ жазылып кеткені байқалады. Бұған айғақ ретінде көшпелілердің билеушісі өлсе, оның орнына баласы отыратын дәстүрін білетін қытай тарихшыларының сол дәстүрді өзгерткен елдің тарихын жазғанда баяғы сол үйреншікті әдетпен кейде інісін баласы деп шатастырып жазып жіберетін қателіктерінің ара-тұра болса да, кездесетінін алға тартар едік. Мысалы, Екінші Шығыс Түрік қағанатының қағаны Қапаған өлгенде, оның орнына інісі, Құтылығ қағанның баласы Могилиэннің «Білге қаған» деген атпен таққа отырғаны Күлтегін ескерткішіндегі жазудан тарихтан хабардар жанның бәріне мәлім. Бірақ соған қарамастан, «Жаңа Таң кітабының» авторлары осыны біле тұрып, байқамай (білмей деуге болмайды!), үйреншікті әдеттерімен «Мочжоның (Қапағанның) баласы Могилиэнді «Білге қаған» деген атпен таққа отырғызды» деп, Қапағанның інісін баласы етіп көрсетеді. (Бичурин Н.Я. Собрание сведений... I т. – Стр. 273.). Аталмыш «Жыу кітабының» Бумынның інісі Исижи қаған Кылоны оның баласы етіп көрсетуін де, міне, осындай жаңсақтықтың бірі деп білеміз.

Бұлай деуімізге мұның сыртында және бірнеше қисындық себептер де бар. Мысалы, айталық, егер «Жыу кітабы» дерегінде жаңылыстық кетпей, Кыло шынымен Бумынның баласы болып, мұрагерлік жолмен әкесінің орнын басып, қаған тағын иеленсе, онда Кыло өлгеннен кейін де оның орнына баласы Ниету де тақ мұрагері ретінде қаған болуы тиіс еді. Бірақ ел шонжарлары Кылоның орнына баласы Ниетуді отырғызбай, оны айналып өтіп, інісі Сыжинді (Сыдоуды) отырғызып, соны қаған етеді. Осы тәртіп, яғни қаған өлгеннен кейін оның орнына баласын емес, інісін отырғызу дәстүрі бұдан былайғы жерде де осылайша жалғаса береді. Неге?

Меніңше, бұл арада мынандай тарихи шындық жатыр. Азаттыққа жетудің азапты жолынан өтіп, шешуші шайқасқа қапысыз дайындалған жоспарлы әрекетінің нәтижесінде бірнеше ірі жеңістерге жеткен Бумынның байтақ далада әкімшілік, этникалық бірлік, территориялық ыңғайластық

негізінде бірнеше тайпалық одақтардан федерациялық жағдайда жаңа Түрік мемлекетін құрғаны белгілі. Оңтүстігінде Жыу, Чи секілді жаулаушы империямен, шығысында чидандар секілді варварлықтың орта шенінде тұрған хандықпен географиялық ортақ шеңберде тіршілік ету жағдайы бұл мемлекетке негізінен бақташылық тұрмысты, осы бақташылық таңған көшпелі өмірді сыйлады. Бұл және байырғы өзімен-өзі томаға-тұйық жатқан бақташылық тұрмыс емес, ежелгі отырықшы көршілерімен ғасырлар бойы қарым-қатынаста болған, солармен жарыса дамып, олардың көшпелі тірлікпен үйлесім тауып кетер жақтарын өздеріне қабылдап, өздерінің жақсысын оларға жұғыстырып отырған ерекше күрделіленген бақташылық тұрмыс еді. Осындай жағдайда бейбіт күндердегі тіршілігінің тізгінін малының тұяғына байлап, жердің сонысына, судың тұнығына орай жеке иелігінде ру-ру болып көшіп-қонып жүрген сиырдың бүйрегіндей құранды елді басқару, оның бірлігіне, тұтастығына жарықшақ түсірмей ұстап тұру қашан да оңай болмаған. Мұндайда найзаның ұшымен, білектің күшімен құралған құранды елдің сол өздерін бағындырған күштің мықтылығын үнемі сезіп отыруы – бірлік берекесін кетірмей, тұтастықты сақтаудың басты шарты болатын. Сондықтан билік тізгіні тек қарулы қолда болуы парыз. Елін бодандық бұғауынан босатып, дербес азат мемлекет құрған Бумынның бұл парызды тап басып тани алғанына, соған өресі жетіп, ертеңінің қамы үшін қарекет жасағанына ешқандай күдік тумайды. Соның үшін де Бумын бұрынғы қалыптасқан мұрагерлік дәстүрді сақтап, өлген қағанның орнына бұғанасы бекіп, қабырғасы қатпаған жас баласын отырғызудың мемлекеттің болашағы үшін қаншалықты зиянды екенін жете сезініп, өзінің орнына баласын емес, ел басқару ісіне өзімен бірге араласып, көзқарық болған, ыстық-суықтан бірдей өтіп, ақыл-ойы кемелденген інісін отырғызуды және осыны одан әрі заңдылық ретінде қалыптастыруды еліне өсиет етті дей аламыз. Мұның солай екенін Бумын өлгеннен кейін билік басына келген қағандардың да өздерінен соң қағанат тағына балаларын отырғызбай, тек інілерін мұрагер етіп қалдырғандары да толық дәлелдейді. Егер Бумын өзінен кейін ескі тәртіппен қағанат тағына баласын отырғызса, мұның бірі де болмас еді, кейінгі қағандар да өзінің балаларын таққа мұрагер етер еді. Атап айтқанда, Исижи қаған інісі Мугәнді емес, баласы Ниетуді, Мугән қаған інісі Тобоны емес, баласы Далобиәнді, Тобо қаған інісі Далобиәнді емес, баласы Иәнлоны қағанат тағына отырғызған болар еді.

Бірақ олай болмағанның, керісінше олардың қай-қайсысы да өз орынына балаларын емес, інілерін отырғызғанын құжаттық дереккөздерінің бәрі бір ауыздан куәландырады. Бұл дәстүр тек Шабалио билікті күшпен

тартып алғаннан кейін барып бұзылды. Содан бастап түрік қағандары қағанат тағына баласын отырғызуды дәстүрге айналдырды.

Тағы бір қисын. Егер қазіргі тарихшылардың жазып жүргеніндей, Бумын қағанның орынына баласы қаған болып, ал інісі Істімі оған бағынышты кіші хан (қаған) ретінде батысты билеген болса, онда ол туралы қытай тарихнамаларында жан-жақты сөз болуға тиіс еді. Бірақ олай болмайды. Ең болмаса, Батыс Түрік қағанаты жөнінде түбегейлі сөз қозғап, ұсақ-түйек оқиғасына дейін тәптіштеп жазған Сүй, Жыу, Таң әулеттерінің шежірелерінде де Істімі қаған туралы бір ауыз сөз айтылмайды?

Бұл арада Істімі үнемі батыста болды, сол себепті көне қытайлықтардың оны білмеуі де мүмкін ғой деуге де болмайды. Өйткені, бұған олардың Түрік қағанаты бөлінбей тұрғанда Қытаймен тікелей араласта болған Істімі түгілі, кейін жеке бөлінген Батыс Түрік қағанатының, тіпті, Қытай империясымен қатынасқа шықпаған кездегі кіші хандарын (қағандарын), яғни Істімінің балалары: парсылармен соғысып жатқан Датыуды, Терістік Кавказда жүрген Тәнханды әулеттік тарихнамаларына кіргізіп, олардың іс-әрекетін қалдырмай тізіп жазып отырғаны дәлел.

Қалайда, бұл жерде, қытайлықтардың басқаны білмесе де, дәл Істімінің әуелден жақсы білгендігіне дау болмаса керек. Оған «Жаңа Таң кітабының», жоғарыда айтылған: «Батыс түріктің арғы тегі Надуллудың немересі Туву.

Оның (Тувудың) үлкенін Тумын Или қаған, кішісін Шідиәнми немесе Сідими деп те атайды» деп, басын ашып, нақтылап көрсететін дерегі куә. Бұл, былайша айтқанда, көне қытайлықтар Істімінің есімін ғана емес, оның Тувудың баласы Бумынның туған інісі екендігін де әуелден біледі деген сөз. Бірақ, солай бола тұрғанмен, қытай деректемелерінен 553-554 жылдардан былай қарай Істімі есімі кездеспейді. Менің түсінігімде, бұл – терең ойласуды керек ететін факті.

Тарихтан Түрік қағанатының Шығыс Түрік қағанаты, Батыс Түрік қағанаты болып екіге бөлінгені белгілі. Тарихшылардың айтуынша, осы Батыс Түрік қағанатының ұлы қағаны – Истеми (Істімі).

Осы айтылғандарды бір арнаға тоқайластырып, ой түйіндесек, «Жыу кітабының»: «Бумын өлгеннен кейін орнына баласы Кыло «Исижи қаған» деген атпен таққа отырды» деген дерегіндегі «баласы» сөзінің «інісі» дегеннің орнына жаңылысып жазылып кеткен деп толық сеніммен айта аламыз. Дұрысы – «Сүй кітабының» «Бумын өлгеннен кейін таққа інісі И қаған отырды» деген дерегі.

Мұны бір деректемеде кеткен қатенің екіншісінде түзетілуі деп қабылдаған жөн. Сонда Бумыннан кейін қаған болған, яғни Бірінші Шығыс Түрік қағанатының екінші қағаны – Істімі екені шындыққа айналады. Ал бұл

«Жыу кітабының» Исижи қаған, «Сүй кітабының» И қаған, «Жаңа Таң кітабының» Шідиән-ми қаған дегендерінің бәрі – әр әулеттік шежіреде әр түрлі аталып келген бір-ақ адамның, «Күлтегін ескерткішінде» төл атымен берілген Істімі қағанның есімі болып шығады. Осыдан келіп, осы кезге дейін дүдәмал болып, түйіні шешілмей келген біраз мәселенің ақиқаты да анықтала бастайды.

Ең алдымен, Бумын қайтыс болғаннан кейін інісі Істімінің қаған болғаны шындық болса, онда қазіргі тарихшылардың Естеми, Істеми, Истеми, Істемі деп, есімін әркім өз қалауынша құбылтып алып жүрген адамы Істімі емес, басқаадам болып шығады. Себебі, олардың Істімі деп алып жүрген адамы 572 (кей деректе 576) жылы өлген. Ал, біз айтып отырған Істімі ағасының артынан ұзамай, 5-6 айдан соң, сол 553 жылдың өзінде қайтыс болған. Оның осы жылы өлгенін байырғы түріктердің тарихынан мағлұмат беретін қытай жылнамаларының бірде-бірінде жанағы 553 жылдан кейін Істімі есімінің не «Жыу кітабындағыдай» Исижи, не «Сүй кітабындағыдай» И, болмаса кейінгі «Таң кітабындағыдай» Шідиәнми, Сідими түрінде болсын бір рет те кездеспейтіні растай түседі.

Егер олай болмай, шынымен қазіргі тарихшылар айтқандай, Істімі 572 жылы қайтқан болса, онда атақты ағасынан кейін жиырма жыл өмір сүріп, бүкіл Батыс өңірді билеген, әйгілі Жібек жолын қолында ұстаған, Иран мен Византия империясының іргесін солқылдатқан атақты қаған туралы қытай тарихшылары, сөз жоқ, бұлайша үнсіз қалмас еді.

Осы арада айтылғанның ұғынықты болуы үшін тарихшылардың қазіргі Истеми деп жүрген адамының атын нақты білгендіктен «Истеми» деп алып жүрмегенін де ашып айта кеткен жөн. Олардың Истеми деп жүргендері Византия мен Парсы деректеріндегі Дизабул қаған. Оны да әр деректе: «Дизавул», «Сизавул», «Дизибул», «Сизибул», «Силзабул» деп әртүрлі айтады. Көне қытай жазбаларында бұл есім мүлде кездеспейді. Қытайлықтарды жатжұрттықтар есімін қанша жерден бұзып береді дегенімізбен, олардың атақты адамдардың есімінің, тіпті, болмағанда алғашқы буынының дыбысталуын дәл беруге тырысатынын жоққа шығаруға болмайды. Бұл тұрғыдан келгенде де, қытай деректерінде не Дизабулдың, не Сизабулдың, не Истемидің есімдерінің алғашқы буынының дыбысталуына келмейді, дыбыстық үйлесім таппайды. Сондықтан басқа бір нақты деректермен дәлелдемесе, тарихшылардың Дизабул немесе Сизабул деп жүрген адамын нақты «Істімі еді» деп сендіре қою қиын.

Дизабулдың түріктің басқа қағандарының бірінің аты болуы да әбден мүмкін. Менің пайымдауымша, тарихшылардың қазіргі таңда «Истеми

қаған» деп алып жүрген Дизабулы Бірінші Шығыс Түрік қағанатының үшінші қағаны Мугән қаған болуы әбден мүмкін.

Мугән – оның қаған болғаннан кейінгі қытайша аты. Оның оған дейінгі есімі сол қытай жазбаларында: «Сыдоу», «Сыжин» деп көрсетілген. Көне қытайлықтардың жат жұрт адамдарының есімін беру заңдылығына жүгінсек, онда «Сыдоу», «Сыжин» мен «Сизибулдың» алғашқы буындарының арасында ортақтық бар. Мұның сыртында, Мугән қағанның билік тізгінін қолға алысымен, Дыншу сыли (Дыншуцзы) бастаған жыужәндардың қалғанын жойып жібергені, содан кейін Батысқа қарай жорық жасап, Иданы талқандағанын жоғарыда айттық. Бұл ретте қытай жазбалары Мугән қағанның «батысқа қарай Сихайға дейінгі он мың ли жерді» өз иелігін қосқаны жөнінде дерек береді (аталған еңбек. – 34-б.) Византия мен парсы деректеріндегі Батысты жаулаған түріктің Дизабул есімді қағанының алғашқы жорықтары, міне, осы Мугән қағанның дәуірлеу кезеңі басындағы жорықтарына дәл келеді. Оның үстіне, Дизабул мен Мугән қағанның өлген жылдарының да бір болуы біраз жайды аңғартқандай. Екеуі де 572 жылы қайтыс болған. Қалайда, ойласу керек-ақ сияқты.

Қолда бар тапшы деректерге қарағанда, Істімі қағанның тарихтағы орнын ерекшелейтін еңбегі оның қаған болған аз уақыттағы істерімен өлшенбейді.

Ол бар болғаны 5-6 ай ғана қаған болған. Қытай жазбаларында оның бұл кезде Хуэй-хуандағы ірі жеңілістен кейін, босқынға ұшыраған жыужән елінің ес жиып, қайта бас көтеруіне мүмкіндік қалдырмай, біржола тұралату мақсатында әскерін өзі бастап барып, оларды тағы да тоз-тоз қылғанын айтады. Бірақ бұл Істімінің не қағандық, не қолбасшылық ерекшелігін таныта алмайды. Сондықтан Істімі есімінің тарихта ұлы тұлғалар қатарында қалуына оның ағасымен тізе қоса отырып, түрік елінің қолын тәуелсіздікке жеткізу жолында сіңірген еңбегі негіз болғаны хақ.

Ол сол кезде шын мәнінде ағасына көмекші болып, бел шешпей еңбек етті. Бумынның тапсырмасымен екі рет Батыс Вей империясына түрік елшілігін бастап барып, ел арасын ептестіре білер бітімгершілік, мемлекет мүддесін ұтысқа шығарар саясаткерлік қабілетімен көзге түсті. Телы тайпаларын бағындыруда адам шығынына жол бермей, қолбасшылық шеберлігін танытса, Хуэй-хуаң шайқасында ұрысты ұтымды ұйымдастырып, қарсыластарының қайрат көрсетуіне мүмкіндік қалдырмай, ел тағдырын шешетін ірі жеңіске жетті.

Інісінің ақылы мен қайратына, ел мүддесіне адалдығына риза болған Бумын қаған қалыптасқан «әке өлсе, таққа бала мұра» дәстүрін бұзып, қағанат тағына осы Істімінің ие етті. Білге қағанның Түрік қағанатының

атақты қағандарының ішінен Бумын қағанның қасына Істімінің атын қосып, оны мақтаныш тұта айтуы да тегін болмаса керек.

Істімі қаған да билік тігінін ұзақ ұстап отыра алмаған. Ағасы өлгеннен кейін 5-6 айдан соң, «бұл да ауырып қайтыс болады». Қытай осы «бұл да ауырып қайтыс болды» деген дерегі Бумынның да аурудан қайтыс болғанын айғақтайды.

Атақты қағанаттың негізін қалаған түріктің әйгілі екі қағанының бұлайша бірінен кейін бірінің аурудан қайтыс болуы, олардың билік басына жастарының ұлғайып барып келгенінен хабар бергендей.

Енді бірер сөз Істімі қағанның есімі жөнінде.

Кез келген тарихи тұлғаның есімі мүмкіндігінше дәл айтылып, дәл берілуге тиіс. Ол – тарихи сауаттылықтың белгісі. Бұл орайда өзге жұрттың әйгілі ұлы тұлғаларын былай қойғанда, тарихқа қатысты жай бір атаудың тұтас аты түгілі, соның бір әрпіне өзгерту енгізсе, оған арнайы түсініктеме беріп, өзгерістің себеп-салдарын нақты деректермен негіздейтіні еске оралады.

Алайда, өкінішке қарай, бұл әдет бізге қонбай келеді. Біз, керісінше, тарихи тұлғаларымыздың есімін ешқандай ғылыми негізсіз, кім қалай құбылтып жазса да жат көрмейміз. Мысалы, осы сөз болып отырған Істімі есімінің тарихи әдебиеттерде: Естеми, Иштеми, Істеми, Істімі деп әр түрлі қолданылып жүргені – осының бірден-бір дәлелі.

Сонда бұлардың дұрысы қайсы? Неге бірізділік жоқ? Әлде көшпелілерден шыққан тарихи тұлғалардың атын кім қалай жазам десе, солай құбылта беруге еркі бар ма? Бұларға тағы жауап жоқ!

Біздің түсінігімізше, кім қалай жазса да, оның сүйенер бір негізі болуы керек. Онсыз «анау олай жазған», «мынау былай жазған» деп белгілі ғалымдардың атын арқа тұтып, соған жүгіну – шындыққа жеткізбейді. Қажет десеңіз, Істімі қағанның атын анықтауда, тіпті, Византияның да, Парсының да, Қытайдың да жазба деректері дәрменсіз. Өйткені түрік есімдерін дәл айтып, дәл беруге олардың тілдерінің фонетикалық мүмкіндіктері жоқ. Сондықтан олар амалсыз бұрмалауға мәжбүр. Демек, бұл арада кімнің болса да, жалғыз сүйенері – түпнұсқалық құқы бар түріктің төл жазу болуға тиіс. Ал онда Істімі есімі «𐰉𐰺𐰽𐰸» әріптермен берілген. Бұл қазіргіше «Істімі» болып оқылады.

Осы арада бір ескеретін мәселе – түрік жазуында дауысты дыбыстар жазылмайды делінгенмен, белгілі бір жағдайда атақты адамдардың есімін, әйгілі елдің атын жазғанда олардың дыбысталуына қарай толық берілетіні байқалады.

Мысалы, қағанаттың атақты алғашқы екі қағанының есімдері дәл осылай: «𐰉𐰺𐰽𐰸» (Бумн), «𐰉𐰺𐰽𐰸» (Істмі) деп жазылған. Мұны оқығанда Бумндағы «м» дыбысының «мы» болып, Істмідегі «т» дыбысының «ті» болып естілетінін ескерсек, екі есімнің берілуінде түсіп қалған дыбыстың жоқтығы анық көрініп тұр. Сондықтан түріктердің өзі анық атап, «Істімі» деп тасқа қашап, жазып беріп отырған Түрік қағанатының екінші қағанының есімін ендігі жерде қазіргідей құбылта берудің еш қисыны жоқ. Оның есімі – Істімі не Істі-ми.

Сондай-ақ, тағы бір ескеретін нәрсе – түрік жазуында «і» дыбысының кейде сөз аяғында «и» болып оқылатын да ерекшелігі бар екендігі. Осыған негіздесек, Істіміні «Істі-ми» деп те оқуға болады. Онда бұл есімнің келе келе «Ысты-миға» өзгеруін жоққа шығаруға болмайтын тәрізді. Егер бұл есім шынында да осындай өзгеріске ұшыраған болса, онда усұндардың билеушісінің лауазымы – «Күн-ми»-дегі «ми» дыбысын ғалымдардың түріктердің «би» деген сөзінің қытайша берілуі дейтін тұжырымына орай, Ысты-мидің соңғы «ми»⁶ буынында «би» деп оқуға мүмкіндік туады. Сонда Ысты-миіміз «Ысты би» болып шығады. Ысты – есімі, би – лауазымы.

⁶Күлтегін ескерткішін де қытайдан келген бәдізшілер жазғаны белгілі.

Тарихтан белгілі Ышбара бидің лауазым жағынан Түрік қағанатындағы қағаннан кейінгі екінші адам болғанын ескерсек, түріктің екінші қағаны Ысты-биді қаған болмай тұрғанда, яғни Бумынның қаған болып тұрған кезінде қағанаттың бас биі болған деп жорамал жасауға мүмкіндік бар. Олай болса, оның осы елге танылған атымен «Ысты-би» (Істі – ми) тасқа қашалуы бек мүмкін. Осы ретте қашан Түрік қағанаты құлағанша Істімі қағанның ұрпақтарының еншісінде болған он оқ халқының біреуінің «ысты» аталатыны және оның таңбасының қағанаттың негізін қалаған ежелгі қыпшақ тайпаларының «көсеу»⁷ деп аталатын көне таңбасымен бірдей болуы да біраз ойға жетелейді. Тайпа атауының өзінің билеушісінің атымен атала беретіні де түрк халықтарында бар дәстүр.

⁷«Қос әліп» – осы көсеудің негізінде жасалған кейінгі таңба.

Қойшығара Салғараұлы, тарихшы, филология ғылымдарының докторы, профессор